


PHILIPS

**Бастырма
құлаққап**

200 қатары

TAUH202



Пайдаланушы нұсқаулығы

Мына мекенжайға өтіп, өнімді тіркеуге және қолдау алуға болады:

www.philips.com/support

Мазмұны

1	Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары	2
	Есту қауіпсіздігі	2
	Жалпы ақпарат	2

2	Сымсыз Bluetooth құлаққабы	3
	Қораптағы заттар	3
	Басқа құрылғылар	3
	Сымсыз Bluetooth құлаққабын шолу	3

3	Іске кірісу	5
	Құлаққапты зарядтау	5
	Құлаққапты мобильді телефонмен жұптастыру	5

4	Құлаққапты қолдану	6
	Құлаққапты Bluetooth құрылғысына жалғау	6
	Қоңырауларды және музыканы басқару	6
	Гарнитураны тағу	7

5	Техникалық деректер	8
----------	----------------------------	----------

6	Хабарландыру	9
	Сәйкестік мәлімдемесі	9
	Ескі өнімді және батареяны қоқысқа тастау	9
	ЭМӨ талаптарына сәйкестік	9
	Сауда белгілері	10

7	Жиі қойылатын сұрақтар	11
----------	-------------------------------	-----------

1 Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

Есту қауіпсіздігі



⚡ Қауіп

- Есту мүшесіне зақым келмеуі үшін құлаққапты жоғары дыбыс деңгейімен қолдану уақытын шектеңіз және дыбыс деңгейін қауіпсіз мәнге орнатыңыз. Дыбыс деңгейі неғұрлым жоғары болса, қауіпсіз тыңдау уақыты соғұрлым қысқа болады.

Гарнитураны қолданған кезде, мына нұсқауларды сақтаңыз.

- Қисынды дыбыс деңгейімен шамадан аспайтын уақыт тыңдаңыз.
- Құлағыңыз үйреніп кеткен сайын, дыбыс деңгейін жоғарылата бермеңіз.
- Дыбыс деңгейін айналаңызды ести алмайтын деңгейге дейін жоғарылатпаңыз.
- Қауіп төнуі мүмкін жағдайларда абайлап қолдану немесе қолдануды уақытша тоқтату қажет.
- Құлаққаптың шамадан тыс дыбыс қысымы кереңдікке себеп болуы мүмкін.
- Көлік айдаған кезде, құлаққапты екі құлақты да жауып қолданған дұрыс емес және ол кейбір аймақтарда заңсыз болуы мүмкін.
- Жеке қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін жолда немесе басқа қауіпті болуы мүмкін орталарда музыкаға немесе телефон қоңырауларына назарыңызды бөліп жіберуіне мүмкіндік бермеңіз.

Жалпы ақпарат

Зақым келмеуі немесе істен шығарып алмау үшін:

! Сақ болыңыз

- Құлаққапқа шамадан тыс жылудың әсер етуіне мүмкіндік беруге болмайды
- Құлаққапты жерге түсіріп алмау керек.
- Құлаққапқа сұйықтық тамызуға немесе шашыратуға болмайды.
- Құлаққапты суға салуға болмайды.
- Құрамында спирт, аммиак, бензол немесе абразивті заттар бар тазартқыш заттарды қолдануға болмайды.
- Өнімді тазалау керек болса, қажетінше сумен немесе сұйылтылған жұмсақ сабынды сумен аздап қана суланған жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.
- Ішкі батареяға күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу көздерінің әсер етуіне мүмкіндік бермеу керек.
- Батарея дұрыс ауыстырылмаса, жарылу қаупі туындайды. Ауыстырған кезде, дәл сондай батареяны немесе баламасын салыңыз.

Қолдану және сақтау температуралары мен ылғалдығы туралы мәлімет

- Температурасы -15°C (5°F) және 55°C (131°F) аралығындағы (салыстырмалы ылғалдық 90%-дан аспайтын) жерде қолдану немесе сақтау керек.
- Температура одан жоғары не төмен болған жағдайда батареяның қызмет ету мерзімі қысқаруы мүмкін.

2 СЫМСЫЗ Bluetooth құлаққабы



Қысқаша нұсқаулық


Сатып алғаныңызбен құттықтаймыз, Philips әлеміне қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толығымен пайдалану үшін өніміңізді мына сайтта тіркеңіз: www.philips.com/welcome. Осы сымсыз Philips құлаққабымен мына мүмкіндіктерге қол жеткізесіз:

- сымсыз хендсфри режимінде қоңырау шалу және қабылдау;
- сымсыз режимде музыка тыңдау және оны басқару;
- қоңыраулар мен музыка арасында ауысу.

Қораптағы заттар



Philips **TAUH202** сымсыз Bluetooth құлаққабы




USB зарядтау кабелі (тек зарядтауға арналған)

Басқа құрылғылар

Bluetooth функциясын қолдайтын және құлаққаппен үйлесімді мобильді телефон немесе құрылғы (мысалы, ноутбук, коммуникатор, Bluetooth адаптерлері, MP3 ойнатқыштары, т.б.) (8-беттегі «Техникалық деректер» бөлімін қараңыз).

Сымсыз Bluetooth құлаққабын шолу



- 1 Музыка/қоңырау
- 2 ЖШД индикаторы
- 3 (Қосу/өшіру түймесі)
- 4 Микروفон

- ⑤ **🔌 Жұптастыру/дыбысты өшіру түймесі**
- ⑥ **Micro USB зарядтау ұясы**
- ⑦ **+/- Дыбыс деңгейін басқару түймесі/әуендерді басқару түймесі**

3 Іске кірісу

Құлаққапты зарядтау

Ескертпе

- Құлаққапты алғаш рет қолданудан бұрын, батарея көлемі және қызмет ету мерзімі оңтайлы болуы үшін батареяны 5 сағат зарядтаңыз.
- Қандай да бір зақым келтіріп алмау үшін түпнұсқалы USB зарядтау кабелін ғана қолданыңыз.
- Құлаққапты зарядтаудан бұрын қоңырауды аяқтаңыз, себебі құлаққапты зарядтау үшін жалғаған кезде, ол өшіріледі.
- Зарядталып жатқан кезде, құлаққапты әдеттегідей қолдана беруге болады.
- Тұтынушыға қаптамадағы USB кабелін қолдану туралы еске салу мәлімдемесі.

Бірге берілген USB зарядтау кабелін мынаған жалғаңыз:

- құлаққаптағы micro USB зарядтау ұясы және;
 - зарядтағыш/компьютердің USB порты
- ↳ Зарядтау кезінде ЖШД ақ түспен жанып тұрады, ал құлаққап толығымен зарядталған кезде, ол сөнеді.

Ақыл-кеңес

- Өдетте толық зарядталуға 3 сағат кетеді.

Құлаққапты мобильді телефонмен жұптастыру

Құлаққапты мобильді телефонмен алғаш рет қолданудан бұрын, оны мобильді телефонмен жұптастырыңыз. Жұптастыру нәтижелі болғанда, құлаққап пен мобильді телефон арасында шифрланған бірегей байланыс орнатылады. Құлаққап соңғы 8 құрылғыны жадында сақтайды. 8-ден көп құрылғыны жұптастыруға әрекет жасасаңыз, олардың ішіндегі ең алғашқы

болып жұптастырылған құрылғы жаңа құрылғымен алмастырылады.

- 1 Құлаққап толығымен зарядталғанына көз жеткізіңіз.
 - 2 Құлаққапты қосу үшін  түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.
 - 3  түймесін көк және ақ ЖШД кезек-кезек жыпылықтағанша басып тұрыңыз.
↳ Құлаққап жұптастыру режимінде 5 минут тұрады.
 - 4 Мобильді телефон және оның Bluetooth функциясына қосылғанына көз жеткізіңіз.
 - 5 Құлаққапты мобильді телефонмен жұптастырыңыз. Толық ақпарат алу үшін мобильді телефонның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Төмендегі мысалда құлаққапты мобильді телефонмен жұптастыру жолы көрсетілген.

- 1 Мобильді телефонда Bluetooth функциясын іске қосып, **Philips UH202** құрылғысын таңдаңыз.
- 2 Сұралған жағдайда «0000» (4 нөл) гарнитура құпиясөзін енгізіңіз. Bluetooth 3.0 немесе одан кейінгі нұсқаны қолдайтын мобильді телефондарда құпиясөзді енгізу қажет емес.



Philips UH202

4 Құлаққапты қолдану

Құлаққапты Bluetooth құрылғысына жалғау

- 1 Мобильді телефонды/Bluetooth құрылғысын қосыңыз.
- 2 Құлаққапты қосу үшін  түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.
 - ↳ Көк ЖШД жыпылықтайды.
 - ↳ Құлаққап ең соңғы жалғанған мобильді телефонға/Bluetooth құрылғысына автоматты түрде қайта жалғанады. Ең соңғы құрылғы қолжетімді болмаса, құлаққап ең соңғының алдындағы құрылғыға қайта жалғануға тырысады.



Ақыл-кеңес

- Мобильді телефонды/Bluetooth құрылғысын құлаққапты қосқаннан кейін қоссаңыз немесе Bluetooth функциясын іске қоссаңыз, құлаққапты және мобильді телефонды/Bluetooth құрылғысын қолмен қайта жалғау қажет болады.



Ескертпе


- Құлаққап 5 минут ішінде сигнал ауқымындағы кез келген Bluetooth құрылғысына жалғанбаса, ол батареяны үнемдеу үшін автоматты түрде өшеді.

Қоңырауларды және музыканы басқару

Қосу/өшіру

Қызмет	Түйме	Әрекет
Құлаққапты қосу.		2 секунд басып тұру.
Құлаққапты өшіру.		5 секунд басып тұру. ↳ Ақ түсті ЖШД жанып тұрады да, біртіндеп сөнеді.

Музыканы басқару

Қызмет	Түйме	Әрекет
Музыканы ойнату немесе кідірту.		Бір рет басу.
Дыбыс деңгейін реттеу.		Бір рет басу.
Алға аттап өту		2 секунд басып тұру.
Артқа аттап өту		2 секунд басып тұру.

Қоңырауларды басқару

Қызмет	Түйме	Әрекет
Тұтқаны көтеру/қою.		Бір рет басу. ↳ 1 сигнал.
Кіріс қоңырауды қабылдамау		2 секунд басып тұру. ↳ 1 сигнал.
Қоңырау кезінде қоңырау шалушыны ауыстыру.		Екі рет басу.

Қоңырау кезінде микрофон дыбысын өшіру/қайта қосу  Бір рет басу.  1 сигнал.

Дауыспен басқару

Қызмет	Түйме	Әрекет
Siri/Google Now.		2 секунд басып тұру.

Құлаққап индикаторының басқа күйлері

Құлаққап күйі	Индикатор
Құлаққап Bluetooth құрылғысына жалғанып тұр, құлаққап күту режимінде немесе сіз музыка тыңдап отырсыз.	Көк ЖШД 8 секунд сайын жыпылықтайды.
Құлаққап жұптастыруға дайын.	ЖШД көк және ақ түспен кезек-кезек жыпылықтайды.
Құлаққап қосылып тұр, бірақ ешқандай Bluetooth құрылғысына жалғанып тұрған жоқ.	Көк ЖШД жылдам жыпылықтайды Жалғау мүмкін болмаса, құлаққап 5 минут ішінде өздігінен өшеді.
Батарея заряды аз.	Ақ түсті ЖШД қуат таусылғанша 150 секунд сайын 3 рет жыпылықтап тұрады
Батарея толығымен зарядталған.	Ақ түсті ЖШД сөніп тұрады.

Гарнитураны тағу

Құлаққап имегін басыңызға дәлдеп реттеңіз.



5 Техникалық деректер

- Музыка ойнату уақыты: 15 сағат
- Сөйлесу уақыты: 10 сағат
- Күту режиміндегі уақыт: 160 сағат
- Толық зарядталуға кететін әдеттегі уақыт: 3 сағат
- Қайта зарядталатын литий-полимер батареясы (240 мА·сағ)
- Bluetooth4.2, Bluetooth моно режимі (гарнитура профилі - HSP хендсфри профилі - HFP), Bluetooth стерео режимі (жетілдірілген аудио тарату профилі - A2DP; аудио мен бейнені қашықтан басқару профилі - AVRCP)
- Жиілік ауқымы: 2,402–2,480 ГГц
- Таратқыш қуаты: < 4 дБм
- Жұмыс ауқымы: 10 метрге дейін (33 фут)
- Цифрлық жаңғырықты және шуды азайту
- Автоматты түрде өшу



Ескертпе

- Сипаттамалар ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

6 Хабарландыру

Сәйкестік мәлімдемесі

Осы құжатпен MMD Hong Kong Holding Limited компаниясы осы өнім 2014/53/EU директивасының негізгі талаптарына және басқа тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік мәлімдемесін мына сайттан көруге болады: www.p4c.philips.com.

Ескі өнімді және батареяны қоқысқа тастау



Бұл өнім жоғары сапалы материалдар мен құрамдас бөліктерді қолдана отырып жобаланған және өндірілген, оларды қайта өңдеуге және қайта қолдануға болады.



Өнімдегі осы таңба ол 2012/19/EU Еуропа директивасында қамтылғанын білдіреді.



Бұл таңба өнімде 2013/56/EU Еуропа директивасы қамтитын, әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайтын ішкі қайта зарядталатын батарея бар екенін білдіреді. Қайта зарядталатын батареяны маман шешіп алуы үшін осы өнімді ресми жинау пунктіне немесе Philips қызмет көрсету орталығына апаруға қатаң кеңес береміз. Электр және электрондық өнімдер мен қайта зарядталатын батареяларды бөлек жинайтын жергілікті жүйе туралы мәлімет іздестіріңіз. Жергілікті ережелерді сақтап, өнімді және қайта зарядталатын батареяларды әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Ескі өнімдер мен қайта зарядталатын

батареяларды дұрыс қоқысқа тастау арқасында қоршаған орта мен адам денсаулығына төнетін қауіптердің алдын алуға көмектесуге болады.


Ішкі батареяны шешіп алу қажет



Ескертпе

- Батареяны шешіп алудан бұрын, құлаққап USB зарядтау кабелінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.

Еліңізде электрондық өнімдерді жинау/ қайта өңдеу жүйесі болмаса, құлаққапты қоқысқа тастаудан бұрын, батареяны шешіп алып, оны қайта өңдеуге тапсыру арқылы қоршаған ортаны қорғай аласыз.



ЭМӨ талаптарына сәйкестік

Осы өнім электрмагниттік өрістердің әсер етуіне қатысты барлық тиісті стандарттар мен ережелерге сәйкес келеді.

Қоршаған ортаға қатысты ақпарат
Қажетсіз қаптама материалдарын қолданбаймыз. Қаптаманы үш материалға бөлуді жеңілдетуге тырыстық: картон (қорап), көбікполистирол (аралық қабат) және полиэтилен (қаптар, қорғайтын көбік материал). Жүйеңіз мамандырылған компания бөлшектеген жағдайда қайта өңдеуге және қайта қолдануға болатын материалдардан тұрады. Қаптама материалдарын, таусылған батареяларды және ескі жабдықты қоқысқа тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

Сауда белгілері

Bluetooth

Bluetooth® сөз белгісі және логотиптері — Bluetooth SIG, Inc. компаниясының меншігіндегі тіркелген сауда белгілер және MMD Hong Kong Holding Limited компаниясы мұндай белгілерді кез келген жерде лицензия бойынша қолданады.

Siri

Siri — Apple Inc. компаниясының АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген сауда белгісі.

Google

Google және Google логотипі — Google Inc. компаниясының тіркелген сауда белгілері.

Сәйкестік туралы хабарландыру

Осы құрылғы FCC ережелерінің 15-бөліміне сәйкес келеді, қолдану үшін төмендегі екі талап орындалуы тиіс:

1. **Осы құрылғы зиянды кедергі жасамауы тиіс және**
2. **Осы құрылғы түскен кез келген кедергіні, оның ішінде жұмысына жағымсыз әсер етуі мүмкін кедергіні қабылдауы тиіс.**

FCC ережелері

Осы жабдық сынақтардан өткізіліп, FCC ережелерінің 15-бөлімінде көрсетілген В сыныбындағы цифрлық құрылғыға қойылатын шектеулерге сәйкес келетіні анықталған. Осы шектеулер тұрғын жерлерде зиянды кедергіден қисынды деңгейдегі қорғанысты қамтамасыз ету үшін белгіленген. Осы жабдық радиожилілік қуатты түзеді, қолданады және шығаруы мүмкін, сондықтан нұсқаулыққа сәйкес орнатылмаған және қолданылмаған жағдайда, радио байланысқа зиянды кедергі жасауы мүмкін.

Дегенмен белгілі бір жағдайларда кедергі болмайтынына кепілдік берілмейді. Осы жабдық қабылданатын радио немесе теледидар сигналдарына зиянды кедергі жасаса (оны өнімді өшіріп-қосу арқылы тексеруге болады), пайдаланушы төмендегі шаралардың біреуін немесе бірнешесін қолдану арқылы кедергіні жоюға әрекет жасағаны жөн:

- Қабылдағыш антеннаны басқа жерге қою.
- Жабдық пен қабылдағыш арасындағы қашықтықты арттыру
- Жабдықты қабылдағыш жалғанып тұрған электр тізбектен басқа тізбектегі розеткаға жалғау.
- Дилерге немесе тәжірибелі радио/теледидар маманына хабарласып, көмек сұрау.

АҚШ Федералдық байланыс комиссиясының (FCC) сәулелену әсеріне қоятын талаптарына қатысты мәлімдеме

Осы жабдық FCC ұйымының бақыланбайтын орталардағы сәулелену әсеріне қоятын шектеулеріне сәйкес келеді. Осы таратқышты кез келген басқа антеннамен немесе таратқышпен бір жерге орналастыруға немесе бірге жұмыс істетуге болмайды.

Канада:

Осы құрылғы Канада Өнеркәсіп министрлігінің лицензия талап етілмейтін RSS стандарт(тар)ына сәйкес келеді. Қолдану үшін төмендегі екі талап орындалуы тиіс: (1) осы құрылғы зиянды кедергі жасамауы тиіс және (2) осы құрылғы түскен кез келген кедергіні, оның ішінде жұмысына жағымсыз әсер етуі мүмкін кедергіні қабылдауы тиіс. CAN ICES-3(B)/NMB-3(B)

Канада Өнеркәсіп министрлігінің сәулелену әсеріне қоятын талаптарына қатысты мәлімдеме:

Осы жабдық Канаданың бақыланбайтын орталардағы сәулелену әсеріне қоятын шектеулеріне сәйкес келеді. Осы таратқышты кез келген басқа антеннамен немесе таратқышпен бір жерге орналастыруға немесе бірге жұмыс істетуге болмайды.

Сақ болыңыз: Пайдаланушыға сәйкестікке жауапты тарап анық растамаған өзгертулерді енгізу пайдаланушының жабдықты қолдану құқығын жоюы мүмкін екені туралы ескертіледі.

7 Жиі қойылатын сұрақтар

Bluetooth құлаққабы қосылмайды.

Батарея заряды аз. Құлаққапты зарядтаңыз.

Bluetooth құлаққабын мобильді телефонмен жұптастыру мүмкін емес. Bluetooth функциясы өшірілген. Мобильді телефонда Bluetooth функциясын іске қосып, мобильді телефонды құлаққаптан бұрын қосыңыз.

Жұптастыру жұмыс істемейді.

Құлаққап жұптастыру режимінде тұрғанына көз жеткізіңіз.

- Осы пайдаланушы нұсқаулығында сипатталған қадамдарды орындаңыз (5-беттегі «Құлаққапты мобильді телефонмен жұптастыру» бөлімін қараңыз).
- Жіберуден бұрын, ЖШД шамы көк және ақ түспен кезек-кезек жыпылықтап тұрғанына көз жеткізіңіз. Көк ЖШД ғана жанса, түймені жібермеңіз.

Мобильді телефон құлаққапты таппайды.

- Құлаққап одан бұрын жұптастырылған құрылғыға жалғанып тұруы мүмкін. Жалғанған құрылғыны өшіріңіз немесе сигнал ауқымынан тыс жерге апарыңыз.
- Жұптастыру бастапқы қалпына келтірілген болуы мүмкін немесе құлаққап одан бұрын басқа құрылғымен жұптастырылған болуы мүмкін. Құлаққапты мобильді телефонмен пайдаланушы нұсқаулығында сипатталғандай қайта жұптастырыңыз (5-беттегі «Құлаққапты мобильді телефонмен жұптастыру» бөлімін қараңыз).

Bluetooth құлаққабы Bluetooth стерео функциясы қосылған мобильді телефонға жалғанып тұр, бірақ музыка тек мобильді телефон динамигі арқылы ойнатылады.

Мобильді телефонның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз. Музыканы құлаққап арқылы тыңдауды таңдаңыз.

Аудио сапасы нашар және шыртылдаған шу естіледі.

Bluetooth құрылғысы сигнал ауқымынан тыс жерде. Құлаққап пен Bluetooth құрылғысының арасындағы қашықтықты азайтыңыз немесе олардың арасындағы кедергілерді алып тастаңыз.

Мобильді телефоннан ағынмен таратқан кезде, аудио сапасы нашар болады немесе аудио ағын мүлде жұмыс істемейді.

Мобильді телефон (моно) HSP/HFP профилін ғана емес, A2DP профилін де қолдайтынына көз жеткізіңіз (8-беттегі «Техникалық деректер» бөлімін қараңыз).

Bluetooth құрылғысында музыканы естимін, бірақ оны басқара алмаймын (мысалы, ойнату/кідірту/алға аттап өту/артқа аттап өту).

Bluetooth аудио көзі AVRCP профилін қолдайтынына көз жеткізіңіз (8-беттегі «Техникалық деректер» бөлімін қараңыз).

Қосымша қолдау алу үшін мына сайтқа кіріңіз: www.philips.com/support.



Este equipamento não tem direito à proteção contra interferência prejudicial e não pode causar interferência em sistemas devidamente autorizados.
Este produto está homologado pela ANATEL, de acordo com os procedimentos regulamentados pela Resolução 242/2000, e atende aos requisitos técnicos aplicados. Para maiores informações, consulte a site da ANATEL:
www.anatel.gov.br

Philips және Philips қалқан эмблемасы — Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері және олар лицензия бойынша қолданылады.

Бұл өнімді MMD Hong Kong Holding Limited немесе оның еншілес компанияларының бірі өндірген және соның жауапкершілігімен сатылады, сондай-ақ MMD Hong Kong Holding Limited компаниясы осы өнімнің кепілгері ретінде әрекет етеді.

UM_TAUH202_00_KZ_v1.0
WK1922

